

## 2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы N 88 Заңы

**1-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджет 1-қосымшаға сәйкес мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер - 1 510 292 399 мың теңге, оның ішінде:
  - салықтық түсімдер - 1 266 685 478 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер - 39 313 436 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 8 185 895 мың теңге;
  - трансферттердің түсімдері - 196 107 590 мың теңге;
- 2) шығындар - 1 518 760 614 мың теңге;
- 3) операциялық сальдо - -8 468 215 теңге;
- 4) таза бюджеттік кредит беру - 16 250 026 мың теңге, оның ішінде:
  - бюджеттік кредиттер - 37 865 413 мың теңге;
  - бюджеттік кредиттерді өтеу - 21 615 387 мың теңге;
- 5) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 101 526 018 мың теңге, оның ішінде:
  - қаржы активтерін сатып алу - 103 526 018 мың теңге;
  - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 2 000 000 мың теңге;
- 6) тапшылық - 126 244 259 мың теңге немесе елдің жалпы ішкі өнімінің 1,4 проценті;
- 7) бюджет тапшылығын қаржыландыру - 126 244 259 мың теңге.

**Ескерту.** 1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.05. N 159 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**2-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте мынадай түсімдер көзделсін:

"Байқоңыр" кешенін Ресей Федерациясының пайдаланғаны үшін 14 605 000 мың теңге сомасында жалдау ақысы;

Әскери полигондарды Ресей Федерациясының пайдаланғаны үшін республикалық бюджеттің кірістерінде көрсетілетін 3 492 500 мың теңге сомасындағы жалдау ақысы, оның:

406 400 мың теңгесі ақшалай нысанда түседі;

3 086 100 мың теңгесі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы сынақ полигондарын жалға беру туралы шарттарда айтылған талаптарға сәйкес жүзеге асырылады және оны 007 "Сынақ полигондарын жалға беру туралы мемлекетаралық

шарттарға сәйкес қару-жарақ және әскери техника беру және жөндеу" және 011 " Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білімді мамандар даярлау" республикалық бюджеттік бағдарламалары бойынша шығыстарды көрсете отырып, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі пайдаланады.

**3-бап.** Шикізат секторы ұйымдарынан 2006 жылғы 1 шілдеге дейін республикалық бюджетке есептелетін түсімдердің 2006 жылға арналған көлемдері 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

**Ескерту.** 3-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.05. N 159 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**3-1-бап.** 2006 жылғы 1 шілдеден бастап 2006 жылға арналған бюджетке түсетін, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін түсімдердің көлемдері 2-1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

**Ескерту.** 3-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.05. N 159 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**3-2-бап.** Тікелей салықтары (жергілікті бюджеттерге есептелетін салықтарды қоспағанда) 2006 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына есептелетін шикі мұнай мен газ конденсатын өндірумен және (немесе) сатумен айналысатын мұнай секторы кәсіпорындарының тізбесі 2-2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

**Ескерту.** 3-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.05. N 159 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**4-бап.** Республикалық меншіктегі және кен өндіру мен өңдеу салаларына жататын мүлікті жекешелендіруден 2006 жылғы 1 шілдеге дейін 2006 жылға арналған республикалық бюджетке түсетін түсімдердің көлемдері 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

**Ескерту.** 4-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.05. N 159 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**5-бап.** Тиісті бюджеттің кірісіне:

бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Роялти коды бойынша - жер қойнауын пайдаланушылардың Жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізат базасын ұдайы молықтыру жөніндегі республикалық қор алдындағы берешегі, сондай-ақ келісімшарттық аумақтарды геологиялық зерттеуден мемлекет шеккен, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың негізінде осы кен орындарын пайдаланатын жер қойнауын пайдаланушылар өтейтін тарихи шығындар сомалары;

бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Әлеуметтік салық" коды бойынша - бұрын Зейнетақы қорына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, Міндетті медициналық сақтандыру қорына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына аударылып келген



біржолғы мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге  
4 3 2 1 8 0 0 мың теңге ;

2006 жылғы 1 шілдеден бастап бала бір жасқа толғанға дейін оны күту үшін төленетін мемлекеттік жәрдемақыларды енгізуге  
6 339 665 мың теңге сомасында қаражат көзделсін.

Көрсетілген қаражат Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен бөлінеді деп белгіленсін.

**10-бап.** 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), ішкі істер органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының жедел-іздістіру, тергеу және саптық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің, қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтер көрсету шығыстарын төлеу үшін ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 430 теңге сомасында белгіленсін.

**11-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 1997-1998 жылдар үшін әскери қызметшілерге сыйлықақы төлемдерін төлеуге  
388 986 мың теңге сомасында, оның ішінде:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне - 147 840 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне - 190 781 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне - 10 907 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Республикалық ұланына - 36 344 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына - 3 114 мың теңге қаражат көзделгені ескерілсін .

Әскери қызметшілерге сыйлықақы төлемдерін төлеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен көрсетілген кезеңде олардың әскери қызметін өткеру жері бойынша жүргізіледі деп белгіленсін.

**12-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Сарышаған сынақ полигонын пайдалану мен жалға берудің және Приозерск қаласының тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз етудің шарттары туралы 1995 жылғы 20 қаңтардағы келісімге сәйкес Қарағанды облысы Приозерск қаласының инфрақұрылымын қолдауға 100 000 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін.

**13-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге берілетін субвенциялар көлемдері 153 149 590 мың теңге, оның ішінде :

Ақмола облысына - 15 958 655 мың теңге;

Алматы облысына - 17 707 954 мың теңге;

Шығыс Қазақстан облысына - 17 610 210 мың теңге;

Жамбыл облысына - 17 395 854 мың теңге;

Батыс Қазақстан облысына - 8 490 201 мың теңге;  
Қарағанды облысына - 5 908 832 мың теңге;  
Қостанай облысына - 10 934 747 мың теңге;  
Қызылорда облысына - 12 329 913 мың теңге;  
Павлодар облысына - 1 617 733 мың теңге;  
Солтүстік Қазақстан облысына - 13 367 240 мың теңге;

Оңтүстік Қазақстан облысына - 31 828 251 мың теңге сомасында көзделсін.

**14-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілетін оралмандардың көшіп келуінің 2006 жылға арналған квотасы бойынша оралмандардың тарихи отанына қоныс аударуы және келген оралмандарды әлеуметтік қорғау үшін 11 151 820 мың теңге сомасында қаражат көзделсін.

Көрсетілген оралмандардың отбасыларына Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен отбасының бір мүшесіне жүз еселенген айлық есептік көрсеткіш есебінен - тұрғын үймен қамтамасыз етуге, бір отбасыға елу еселенген айлық есептік көрсеткіш есебінен - мүлікті тасымалдауға, отбасының бір мүшесіне он еселенген айлық есептік көрсеткіш есебінен көлік шығыстарын өтеуге қаражат бөлінеді деп белгіленсін.

**15-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мынадай мөлшерлерде:

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқитын студенттерге стипендиялар төлеуді қамтамасыз етуге - 1 642 047 мың теңге;

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқитындар үшін жол жүруге өтемақылар төлеуге - 232 605 мың теңге;

жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға - 283 776 мың теңге;

дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа иммунды биологиялық препараттарды сатып алуға - 5 135 931 мың теңге;

жергілікті деңгейдегі қан орталықтарын материалдық-техникалық жарақтандыруға - 200 000 мың теңге;

табысы аз отбасылардың 18 жасқа дейінгі балаларына 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге - 3 600 000 мың теңге;

мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге және мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызметтер көрсетуіне - 499 921 мың теңге;

қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттері болып табылатын әлеуметтік жағынан қорғалатын азаматтардың телефон үшін абоненттік төлем тарифтерінің

көтерілуін өтеуге - 73 387 мың теңге;

ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауға - 1 048 816 мың теңге;

әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) және ішкі қатынастарда темір жол жолаушылар тасымалдарын субсидиялауға -  
1 107 800 мың теңге;

көші-қон полициясының штат санын ұлғайтуға - 240 162 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге көзделіп келген қаражат есебінен табысы аз отбасылардың 18 жасқа дейінгі балаларына 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге жергілікті бюджеттерде кемінде 2 919 000 мың теңге сомасында шығыстар көзделуге тиіс екендігі ескерілсін.

Көрсетілген сомаларды облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бөлу және оларды пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

**Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.05. N 159 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**16-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен, төтенше және ең жоғары радиациялық қауіп аймақтарында тұрып жатқан және 1949-1990 жылдар аралығында тұрған жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін халыққа, зейнеткерлерге және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алушыларға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеуге 973 753 мың теңге сомасында қаражат көзделсін.

Көрсетілген қаражат Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен бөлінеді деп белгіленсін.

**17-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған субсидияларға 13 649 476 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер, оның ішінде:

тұқым шаруашылығын дамытуды қолдауға - 1 260 034 мың теңге;

асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға - 1 891 109 мың теңге;

өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығы мен сапасын арттыруды қолдауға - 1 815 000 мың теңге;

көктемгі егіс және жиын-терін жұмыстарын жүргізу үшін қажетті тауар-материалдық құндылықтарды субсидиялауға - 7 000 000 мың теңге;

ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауға - 683 333 мың теңге;

мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялауға -

1 000 000 мың теңге көзделгені ескерілсін.

Көрсетілген сомаларды облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бөлу және оларды пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

**18-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте Алматы қаласына республикалық бюджеттен берілген мәдениет ұйымдарының 2006 жылы жұмыс істеуіне 96 685 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферт көзделгені ескерілсін.

**19-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік қызметшілерге, мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлеріне және қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне жалақы төлеуге 39 036 632 мың теңге, о н ы ң і ш і н д е :

Ақмола облысына	-	2	184	252	мың	теңге;
Ақтөбе облысына	-	1	936	002	мың	теңге;
Алматы облысына	-	2	897	026	мың	теңге;
Атырау облысына	-	1	834	337	мың	теңге;
Шығыс Қазақстан облысына	-	3	273	279	мың	теңге;
Жамбыл облысына	-	2	752	117	мың	теңге;
Батыс Қазақстан облысына	-	1	901	808	мың	теңге;
Қарағанды облысына	-	3	412	648	мың	теңге;
Қостанай облысына	-	2	407	284	мың	теңге;
Қызылорда облысына	-	1	901	141	мың	теңге;
Маңғыстау облысына	-	1	489	745	мың	теңге;
Павлодар облысына	-	2	066	967	мың	теңге;
Солтүстік Қазақстан облысына	-	2	215	166	мың	теңге;
Оңтүстік Қазақстан облысына	-	5	679	314	мың	теңге;
Алматы қаласына	-	1	851	630	мың	теңге;

Астана қаласына - 1 233 916 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін.

**20-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 16 317 590 мың теңге, оның ішінде:

жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердің бірүлгі штаттарын ұстауды қамтамасыз етуге - 6 269 751 мың теңге;

жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға - 3 532 939 мың теңге;

балалардың тамақтануын, тұруын және тестілеу пункттеріне жеткізілуін

ұйымдастыруға - 102 102 мың теңге;  
жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерді Интернетке қосуға және олардың трафигін төлеуге - 500 000 мың теңге;  
жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердің кітапхана қорларын жаңарту үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер сатып алуға және жеткізуге - 895 513 мың теңге;

жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер жасауға - 1 576 970 мың теңге;  
бастауыш кәсіптік білім беретін мемлекеттік мекемелердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға - 286 100 мың теңге;  
облыстық (қалалық) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру институттарында педагог қызметкерлерді қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға - 503 440 мың теңге;

облыстық (қалалық) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру институттарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға - 75 000 мың теңге;  
арнаулы (түзету) білім беру ұйымдарын арнайы техникалық және орнын толтырушы құралдармен қамтамасыз етуге - 118 125 мың теңге;  
жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға - 2 457 650 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескертілсін.

Көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу және оларды пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

**Ескерту. 20-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.05. N 159 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**21-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 24 896 568 мың теңге, оның ішінде:

мемлекеттік тапсырыс шеңберінде кәсіптік орта білім беру бойынша оқыту құнын ұлғайту жөніндегі шығыстарды өтеуге - 77 178 мың теңге;  
медицина кадрларының, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы менеджерлердің біліктілігін арттыруға және оларды қайта даярлауға - 190 763 мың теңге;  
созылмалы ауруларды амбулаториялық емдеу кезінде диспансерлік есепте тұрған балалар мен жасөспірімдерді дәрілік заттармен қамтамасыз етуге - 1 076 249 мың теңге;

амбулаториялық емдеу деңгейінде азаматтардың жекелеген санаттарын жеңілдікті жағдайларда дәрілік заттармен қамтамасыз етуге - 1 849 975 мың теңге;  
облыстық санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтарының

материалдық-техникалық базасын нығайтуға - 1 703 500 мың теңге;  
 бастапқы медициналық-санитарлық көмектің медициналық ұйымдарын штаттық нормативтерге сәйкес медицина кадрларымен жасақтауға және жалпы практикалық дәрігерлік жүйені дамытуға -  
 2 279 971 мың теңге;  
 құрылатын ақпарат-талдау орталықтарының қызметін қамтамасыз етуге - 107 919 мың теңге;  
 шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау жүргізу үшін тест-жүйелерді сатып алуға - 10 890 мың теңге;  
 амбулаториялық емдеу деңгейінде 5 жасқа дейінгі балаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуі - 517 576 мың теңге;  
 жүкті әйелдерді құрамында темір және йоды бар препараттармен қамтамасыз етуге - 925 517 мың теңге;  
 азаматтардың жекелеген санаттарын медициналық профилактикалық тексеруді жүзеге асыруға - 4 464 056 мың теңге;  
 онкологиялық ұйымдарды сәулелі терапияның қазіргі заманғы аппараттарымен және рентген-диагностикалық жабдықтармен жарақтандыруды қоса алғанда, жергілікті деңгейде медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға -  
 11 692 974 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін.

Көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу және оларды пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

**22-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерге Шағын қалаларды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде шағын қалаларды, оның ішінде экономикасы күйзеліске ұшыраған шағын қалаларды дамытуға 527 000 мың теңге сомасында дамуға берілетін нысаналы трансферттер көзделсін.

Көрсетілген соманы облыстық бюджеттерге бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімінің негізінде айқындалады.

**23-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне сәулет және қала құрылысы қызметі, ауыл шаруашылығы және жер ресурстарын басқару мәселелерін мемлекеттік реттеу саласындағы жекелеген функциялар мен өкілеттіктердің жергілікті атқарушы органдардың қарауына берілуіне байланысты штат санының лимитін ұлғайтуға - 616 582 мың теңге сомасында, оның ішінде:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінен - 183 929 мың теңге сомасында;

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінен - 84 029 мың теңге

с о м а с ы н д а ;

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінен - 348 624 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін.

Көрсетілген сомаларды облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

**24-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте Қызылорда облысының облыстық бюджетіне мынадай мөлшерлерде:

Арал және Қазалы аудандарының халқына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін - 80 000 мың теңге;

Арал, Қазалы және Қармақшы аудандарының, Байқоңыр қаласының халқына тұрғын үй көмегін көрсету үшін - 186 133 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін.

**25-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте Ақтөбе облысының облыстық бюджетіне мынадай мөлшерлерде:

Шалқар ауданының халқына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін - 50 000 мың теңге;

Шалқар ауданының халқына тұрғын үй көмегін көрсету үшін - 47 981 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін.

**26-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстанның оңтүстік өңірлері тұтынушыларының электрмен тұрақты жабдықталуын қамтамасыз ету мақсатында энергия өндіретін ұйым үшін отын беру жөніндегі шығындарды өтеуге - 2 274 216 мың теңге сомасында шығыстар көзделгені ескерілсін.

**27-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға және нығайтуға 19 187 775 мың теңге, оның ішінде:

ауылдық (селолық) жердің денсаулық сақтау ісінде ұтқыр және телемедицинаны дамытуға - 439 936 мың теңге сомасында шығындар;

ауылдық (селолық) елді мекендерді ауыз сумен жабдықтау объектілерін салу мен реконструкциялауға - 5 187 775 мың теңге;

ауылдық (селолық) жерлерде білім беру объектілерін салу мен реконструкциялауға - 7 500 000 мың теңге;

ауылдық (селолық) жерлердің денсаулық сақтау объектілерін салу мен реконструкциялауға - 6 060 064 мың теңге сомасында дамуға берілетін нысаналы трансферттер көзделсін.

Көрсетілген дамуға берілетін нысаналы трансферттер қаражаты есебінен 2006 жылы салынуға және реконструкциялануға тиіс ауылдық (селолық) жердің білім беру, денсаулық сақтау және ауыз сумен жабдықтау объектілерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

**28-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қалаларда білім беру мен денсаулық сақтаудың аса маңызды объектілерін салуға 5 944 048 мың теңге сомасында дамуға берілетін нысаналы трансферттер көзделсін.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен 2006 жылы қалаларда салынуға және реконструкциялануға тиіс аса маңызды білім беру және денсаулық сақтау объектілерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

**Ескерту.** 28-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.05. N 159 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**29-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мектепке дейінгі ұйымдарды салу мен реконструкциялауға 1 000 000 мың теңге сомасында дамуға берілетін нысаналы трансферттер көзделсін.

2006 жылы республикалық бюджет қаражаты есебінен салынуға және реконструкциялануға тиіс мектепке дейінгі ұйымдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

**30-бап.** Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі шығыстарының құрамында агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік қолдауға 1 350 171 мың теңге, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен айқындалатын тәртіппен мыналарға байланысты іс-шараларды қаржыландыруға:

ауыл шаруашылығы техникасының қаржы лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеуге - 197 743 мың теңге;

ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін кәсіпорындар үшін жабдықтардың қаржы лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеуге 12 428 мың теңге;

өсімдік шаруашылығындағы сақтандыруды қолдауға - 100 000 мың теңге;

ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін кәсіпорындарға олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялауға -

1 000 000 мың теңге;

өндірісті және ауыл шаруашылығы өнімдері нарығын басқару жүйелерін дамытуды субсидиялауға - 40 000 мың теңге көзделсін.

**31-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 10 617 223 мың теңге сомасында Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына 2006 жылғы 1 шілдеге дейін берілетін ресми трансферттер көзделсін.

**Ескерту.** 28-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.05. N 159 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**32-бап.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылға арналған резерві 19 437 035 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 32-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.05. N 159 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**33-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте бұрынғы жылдардың міндеттемелерін орындауға 1 632 442 мың теңге, оның ішінде:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне жүргізуші куәліктерін, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды және нөмір белгілерін жасауға - 1 424 418 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне Қазақстан Республикасының меншігіне шетелден жылжымайтын мүлік сатып алуға - 182 908 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне бұрынғы жылдардың кредиторлық берешегін өтеуге - 25 116 мың теңге көзделсін.

Ескерту. 33-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.05. N 159 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**34-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 2005-2007 жылдарға арналған Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасын іске асыруға:

мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін салуға - 6 200 000 мың теңге сомасында;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту мен абаттандыруға 20 000 000 мың теңге сомасында дамуға берілетін нысаналы трансферттер көзделсін.

Көрсетілген дамуға берілетін нысаналы трансферттерді бөлу мен пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

**35-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 2005-2007 жылдарға арналған Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасын іске асыру шеңберінде нөлдік сыйақы (мүдде) ставкасы бойынша тұрғын үй салуға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен кредит беруге 22 000 000 мың теңге көзделсін.

**36-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте тұрғын үй құрылыс жинақтарына салымдар бойынша сыйлықақылар төлеуге 149 806 мың теңге сомасында қаражат көзделсін.

Ескерту. 36-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.05. N 159 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**37-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте "Тұрғынүйқұрылысбанк" жабық акционерлік қоғамы арқылы алынған жеңілдікті тұрғын үй кредиттері қарыз алушыларының 2005 жылғы төлемдері бойынша бағамдық айырманы төлеуге 49 224 мың теңге көзделсін.

Ескерту. 37-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.05. N 159 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**38-бап.** Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру мен сақтауға арналған шығындары құрамында, жаңалау тәртібімен шығарылған материалдық құндылықтарды өткізуден түскен сомаларды республикалық бюджеттің кірістерінде көрсете отырып, мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын жаңалауға 1 850 979 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін.

### 3 9 - б а п . < \* >

**Ескерту.** 39-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.07.05. N 159 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**40-бап.** 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес таратылған заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғалардың тізбесі мен берешектер көлемдері бойынша мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген кредиттер мен қаражаттар жөніндегі талаптары тоқтатылатын болып белгіленсін.

**41-бап.** 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры" АҚ-ға 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес таратылған қарыз алушы заңды тұлғаларға берілген орталықтандырылған (директивалық) кредиттер бойынша талаптары тоқтатылатын болып белгіленсін.

**42-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетте мемлекет кепілдік берген қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету үшін 3 669 779 мың теңге көзделсін.

**43-бап.** 2006 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру лимиті 31 750 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

**44-бап.** 2006 жылғы 31 желтоқсанға үкіметтік борыш лимиті 787 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

**45-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджеттің бюджеттік даму бағдарламаларының тізбесі 5-қосымшаға сәйкес бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға және заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға бөліне отырып, бекітілсін.

**46-бап.** 2006 жылға арналған республикалық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын республикалық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 6-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2006 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде 7-қосымшаға сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайды деп белгіленсін.

**47-бап.** Осы Заң 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

" 2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы"  
 Қазақстан Республикасының  
 2005 жылғы 22 қарашадағы  
 N 88 - III Заңына

1-ҚОСЫМША

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.05. N 159 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**2006 жылға арналған республикалық бюджет**

Санаты	Атауы	Сомасы, мың теңге
Сыныбы	Ішкі	сыныбы
1	2	3
	<b>I. Кірістер</b>	1510292399
1	<i>Салықтық түсімдер</i>	1266685478
01	<b>Табыс салығы</b>	560485520
1	Корпорациялық табыс салығы	560485520
05	<b>Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар</b>	609657826
1	<i>Қосылған құн салығы</i>	456753448
2	<i>Акциздер</i>	11994383
3	<i>Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер</i>	140344198
4	<i>Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар</i>	565797
06	<b>Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар</b>	91297619
1	<i>Кеден төлемдері</i>	80120441
2	<i>Халықаралық сауда мен операцияларға салынатын басқа да салықтар</i>	11177178
07	<b>Басқа да салықтар</b>	38684
1	<i>Басқа да салықтар</i>	38684
08	<b>Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) құжаттар бергені үшін</b>	5205829

**оған уәкілеттігі бар мемлекеттік  
органдар немесе лауазымды адамдар  
алатын міндетті төлемдер**

1	<i>Мемлекеттік баж</i>	5205829
2	<i>Салықтық емес түсімдер</i>	39313436
<b>01</b>	<b>Мемлекет меншігінен түсетін түсімдер</b>	<b>31119727</b>
1	<i>Мемлекет кәсіпорындардың таза кірісі бөлігіндегі түсімдер</i>	1059400
3	<i>Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер</i>	5106063
4	<i>Мемлекеттік меншіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлесіне кірістер</i>	5080
5	<i>Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер</i>	19433297
6	<i>Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар (мүдделер)</i>	882634
7	<i>Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар (мүдделер)</i>	1533846
9	<i>Мемлекеттік меншіктен түсетін өзге де кірістер</i>	3099407
<b>02</b>	<b>Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер</b>	<b>1436922</b>
1	<i>Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер</i>	1436922
<b>03</b>	<b>Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері</b>	<b>129680</b>
1	<i>Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алу өткізуден түсетін ақша түсімдері</i>	129680
<b>04</b>	<b>Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар</b>	<b>754383</b>

1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі- нің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, ө н д і р і п а л у л а р	754383
05	<b>Гранттар</b>	1589885
2	Қаржылық көмек	1589885
06	<b>Басқа да салықтық емес түсімдер</b>	4282839
1	Басқа да салықтық емес түсімдер	4282839
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	8185895
01	<b>Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату</b>	126534
1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекет- тік мүлікті сату	126534
02	<b>Мемлекеттік материалдық резервтен тауар- лар сату</b>	8059361
1	Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар с а т у	8059361
4	Ресми трансферттердің түсімдері	196107590
01	<b>Төмен тұрған мемлекеттік басқару органа- рынан алынатын трансферттер</b>	119476590
1	Облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен алынатын т р а н с ф е р т т е р	119476590
04	<b>Ұлттық қордан түсімдер</b>	76631000
1	Күрделі нысаналы трансферттер	76631000

Функционалдық топ	Сомасы,
Әкімші	Атауы
	мың теңге
	<b>Б а ғ д а р л а м а</b>
1	2
	3

	<b>II. Шығындар</b>	1518760614
01	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	81332317
101	Қазақстан Республикасы Президентінің Ә к і м ш і л і г і	1244138

001	Мемлекет басшысының қызметін қамтамасыз ету	1076729
002	Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспектілерін болжамды-талдамалық қамтамасыз ету	79398
003	Мұрағат қорының, баспа басылымдарының сақталуын қамтамасыз ету және оларды арнайы пайдалану	88011
102	<i>Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы</i>	5096578
001	Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметін қамтамасыз ету	4636578
002	Заң жобалары мониторингінің автоматтандырылған жүйесін құру	60000
003	Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы объектілерін салу және қайта жаңарту	400000
104	<i>Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі</i>	1237764
001	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қызметін қамтамасыз ету	1237764
106	<i>Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық</i>	30324
001	Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметін қамтамасыз ету	30324
201	<i>Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі</i>	7330
002	Елдің қоғамдық тәртіп саласындағы саяси мүдделерін қамтамасыз ету	7330
204	<i>Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі</i>	14705037
001	Сыртқы саяси қызметті қамтамасыз ету	10547038
002	Халықаралық ұйымдарға және басқа да халықаралық органдарға қатысу	1618035
003	Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау	171253
005	Шетелдік іссапарлар	800336
009	Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу	1555455

010	Қазақстан Республикасының шетелдік мемлекеттерге заңсыз әкелінген және саудалаудың құрбандары болған, сондай-ақ шет елдерде басқа қылмыстардан зардап шеккен және форс-мажорлық жағдайларда қалған азаматтарына қаржылық көмек көрсету	12920
217	<i>Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі</i>	32356424
001	Мемлекеттік бюджеттің атқарылуын және оның атқарылуына бақылауды қамтамасыз ету	25999350
002	Инвестициялық жобалардың аудитін жүзеге асыру	12100
003	Тарату және банкроттық рәсімдерді жүргізу	105002
007	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі органдарының ақпараттық жүйелерін құру және дамыту	867551
015	Сенімді тұлғалардың (агенттердің) қызметтеріне ақы төлеу	68290
016	Жекешелендіру, мемлекеттік мүлікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет, осымен және кредит беруге байланысты дауларды реттеу, кредиттер және мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау есебінен алынған немесе өндіріп алынған мүлікті есепке алу, сақтау	585000
017	"Министрліктер үйі" ғимаратын күтіп ұстау және сақтандыру	287226
019	Жеңілдікті тұрғын үй кредиттері бойынша бағамдық айырманы төлеу	49224
024	Тұрғын үй құрылыс жинақ салымдары бойынша сыйлықақылар төлеу	149806
026	Кедендік бақылау және кедендік инфрақұрылым объектілерін салу	2222920
104	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес	49606
112	"Электрондық үкімет" құру	1960349
220	<i>Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі</i>	2729257
001	Стратегиялық, орта мерзімді экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету	597547

005	Жұмылдыру әзірлігі	20260
008	Ақша-кредит саясатының инфляцияны тежеу бөлігінде қамтамасыз етуге жәрдемдесу	100000
010	Қазақстан Республикасының егемен кредиттік рейтингін қайта қарау мәселелері бойынша халықаралық рейтинг агенттіктерімен өзара і с - қ и м ы л ж а с а у	25730
011	Экономика және ұлттық қауіпсіздік саласындағы з е р т т е у л е р	1965720
112	"Электрондық үкімет" құру	20000
225	<i>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым м и н и с т р л і г і</i>	7649971
002	Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер	7238963
005	Ғылыми объектілерді салу және қайта жаңарту	341681
007	Мемлекеттік сыйлықтар және стипендиялар	69327
406	<i>Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын е с е п к о м и т е т і</i>	205868
001	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылауды қ а м т а м а с ы з е т у	205868
600	<i>Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі</i>	1437202
001	Алматы қаласындағы өңірлік қаржы орталығын реттеу жөніндегі уәкілетті органның қызметін қ а м т а м а с ы з е т у	1437202
603	<i>Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және б а й л а н ы с а г е н т т і г і</i>	3414737
001	Ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету	325931
003	Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	29313
010	Ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	269459
112	"Электрондық үкімет" құру	2790034
606	<i>Қазақстан Республикасы Статистика а г е н т т і г і</i>	3546389
001	Статистика саласындағы уәкілетті органның қ ы з м е т і н қ а м т а м а с ы з е т у	2645457
002	Статистикалық ақпаратты өңдеу және тарату	876495
004	Мемлекеттік статистика саласындағы қолданбалы	24437

Ғ ы л ы м и з е р т т е у л е р		
608	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі	669821
001	Мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету	349082
002	Республиканың мемлекеттік қызмет кадрларын ақпараттандыру және тестілеу жүйесінің жұмыс істеуі	83578
003	Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет саласындағы қолданбалы ғылыми-зерттеулер	6000
006	Мемлекеттік қызметшілердің шетелдерде біліктілігін арттыру	231161
637	Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі	138591
001	Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету	138591
690	Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы	795207
001	Сайлау өткізуді ұйымдастыру	795207
694	Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы	6067679
001	Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету	5867382
009	Мемлекеттік органдар үшін автомашиналар паркін жаңарту	200297
02	Қорғаныс	97867120
202	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі	20109594
001	Төтенше жағдайлардың алдын алу, жою және мемлекеттік материалдық резерв жүйесін басқару саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету	4382661
002	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды ұйымдастыру	14372999
003	Төтенше жағдайлардан қорғау объектілерін салу мен қайта жаңарту	1243420
004	Өрт қауіпсіздігі саласында сынақтарды талдау және жүргізу	9904
007	Мемлекеттік органдар мен мекемелер мамандарын	10514

төтенше жағдай ахуалында іс-әрекет жасауға  
д а я р л а у

009	Төтенше жағдайлар саласындағы қолданбалы	90096
	ғ ы л ы м и з е р т т е у л е р	
208	<i>Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі</i>	76118754
001	Қарулы Күштердің жеке құрамын, қару-жарақта- рын, әскери және өзге де техникаларын, жабдықтарын, жануарларын және инфрақұрылымын	46153441
	к ү т і п - ұ с т а у	
002	Қарулы Күштер қызметінің негізгі түрлерін	11064268
	қ а м т а м а с ы з е т у	
003	Қарулы Күштердің ақпараттық жүйелерін құру	705211
004	Қарулы Күштердің инфрақұрылымын дамыту	4336087
006	Қару-жарақ, әскери және өзге де техниканы, байланыс жүйелерін жаңғырту және сатып алу	8847846
007	Полигондарды жалға беру туралы мемлекетара- лық шарттарға сәйкес қару-жарақ пен әскери техниканы жеткізу және жөндеу	2870287
008	Қорғаныс сипатындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер мен тәжірибе-конструкторлық ж ұ м ы с т а р	125346
015	Әскерге шақырылғанға дейінгілерді әскери- техникалық мамандықтар бойынша даярлау	100000
016	Қарулы Күштерді материалдық-техникалық қ а м т а м а с ы з е т у	1916268
678	<i>Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы</i>	1638772
001	Қорғалатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және салтанатты рәсімдерді о р ы н д а у ғ а қ а т ы с у	1488772
002	Республикалық ұлан объектілерін салу	50000
005	Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қ а м т а м а с ы з е т у	100000
03	<i>Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқық, сот, қылмыстық-атқару қызметі</i>	147244665
104	<i>Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің К е ң с е с і</i>	487444
002	Мемлекеттік органдарда ақпараттық қауіпсіздікті ұйымдастыру және қамтамасыз ету	177175
003	Мемлекеттік мекемелерді фельдъегерлік	310269

	байланыспен қамтамасыз ету	
201	Қазақстан Республикасы Ішкі істер	44761358
	м и н и с т р л і г і	
001	Республикалық деңгейде қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	35401007
003	Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету	218189
004	Арнайы және әскери тасымалдар	163376
005	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне көші-қон полициясының штат санын ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	240162
007	Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздік объектілерін салу, қайта жаңарту	252650
009	3-мемлекеттік жоба	2000881
016	Жүргізуші куәліктерін, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін қажет құжаттарды және нөмір белгілерін дайындау	4407849
017	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері әскери бөлімдерінің жауынгерлік дайындығын арттыру	770272
